



БҰЙРЫҚ

10.11.15

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 554-Ө

город Астана

КӨШІРМЕ ДҰРЫС
КОПИЯ ВЕРНА

Мүлікті және істерді басқарудан босату туралы

Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен «ВРИА Астана» ЖШС банкрот болып танылды.

Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы №36-Ө бұйрығымен «ВРИА Астана» ЖШС банкроттық басқарушысы болып Дариха Хайрбековна Бекмаганбетова тағайындалған.

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 11-тармағына сәйкес және оны босату туралы кредиторлар комитетінің қабылдаған шешіміне байланысты 2015 жылғы 2 қарашадағы хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «ВРИА Астана» ЖШС мүлкі мен істерін басқарудан банкроттық басқарушы Д.Х. Бекмаганбетова босатылсын.

2. Д.Х. Бекмаганбетова «ВРИА Астана» ЖШС борышкердің құжаттарын, сонымен қоса мүлкіне қатысты құрылтай, қаржылық және заңмен бекітілетін құжаттарын, сонымен қатар борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Борыштармен жұмыс басқармасы Заңға сәйкес іс-шаралар жүргізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Борыштармен жұмыс басқармасының басшысы Б.М. Мүлкібековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы



Ә.Сқақов